

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 1903 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 5 наурыздағы N 286 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы N 116 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.07. N 116 Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендияларды тағайындау мен төлеудің тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 1903 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 54, 538-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарында оқитындардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендияларды тағайындау мен төлеудің тәртібі туралы нұсқаулықта:

3-тармақтың 1) тармақшасында "бастауыш" және "орта" деген сөздерден кейін "кәсіптік" деген сөзбен толықтырылсын;

5-тармақта "2,45" деген сандар "3" деген санмен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мемлекеттік білім гранты негізінде бірінші курсқа қабылданған барлық студенттерге және бірінші жыл оқитын магистранттарға, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бірінші курсқа қабылданған барлық оқушыларға бірінші семестрде мемлекеттік стипендия тағайындалады";

7-тармақта "студенттерге," деген сөзден кейін "магистранттар мен оқушыларға" деген сөздермен толықтырылсын;

26 - тармақта :

бірінші абзацта "магистранттарға," деген сөзден кейін "аспиранттарға, докторанттарға және" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзацта "магистранттар" деген сөзден кейін ", аспиранттар, докторанттар" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ